

**«Ә.Жапгелдин атындағы орта мектен» КММ бойынша
Мектеп психологияның іс-шара жоспары бойынша
жүргізілген жұмыстар.2022-2023, 2023-2024 оку жылы**

Оқушылардың психикалық және психологиялық деңсаулығына, олардың әлеуметтенуіне, әлеуметтік бейімделуіне қолдау көрсету мақсатында мектепте психологиялық қызмет жұмыс істейді. Мектептің психологиялық қызметінің негізгі мақсаты – оку-тәрбие үрдісінің барлық қатысуышыларына жан-жакты әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оку іс-әрекетінің білім беру уәждемесін, үлгерімін, шығармашылық өзін-өзі іске асыруын, психологиялық жай-күйін тұрақтандыру, бейінді өзін-өзі айқындау және басқа да қолайлы жағдайларын қалыптастыру.

Білім беру қызметіндегі қыындықтарды анықтауға және диагностикалауға, консультация беруге, білім беру ортасы жағдайында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мен қолдау көрсетуге, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтардың, ата-аналардың немесе өзге де занды өкілдердің психологиялық салауаттылығын сактау және нығайтуды көздейді.

Мектеп психологияның жұмыс жоспары жасалып бекітіледі. Іс-шара жоспарын жасау барысында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес жасақталды. Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту Министрлігінің 2022 жылдың 25 тамыздағы № 377 бұйрығы орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы бұйрықты басшылыққа ала отырып, мектепшілік бұйрықты жасақталып, мұғалімдерге таныстырылды.


Педагог-психологтар өз қызметінде көрсетілген нормативтік құжаттардағы жұмыстың барлық бағыттарын қамтитын құжаттаманы жасайды.

Жұмыс жоспарындағы іс-шаралар 5 бағыт бойынша жүзеге асырылуда. Психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық-профилактикалық, түзету-дамытушылық және әлеуметтік – диспетчерлік қызмет бағыттарында.


Психологиялық қызмет жұмысының маңызды кезеңдерінің бірі 1 және 5-сынып оқушыларының бейімделуі болып табылады, өйткені бұл кезеңде оқушылардың танымдық, мотивациялық және эмоционалды-еріктік бөлімдерінің қайта құрылымдауы жүреді. 1-сынып оқушыларының аз бөлігі әлі де оку іс-әрекетінде қыындықтарды бастан кешіреді (эмоционалдық-еріктік бөлімінің бұзылуы, сондай-ақ ата-ана бақылауының болмауы себеп болуы мүмкін).

Жаңа мектеп табалдырығын аттап жатқан оқушыларға мектеп ережесімен таныстырылып, ортамен қарым-қатынасын анықтау және оқушылардың психологиялық анықтау барысында, 1-ші сынып оқушыларына Керн-Иерасек әдістемесі жүргізілді. Жүргізілген әдістеме тексеріліп қорытындыланды. 2022-2023 және 2023-2024 оку жылдарының қыркүйек айында 1 сынып оқушыларының

мектепке бейімделу деңгейін анықтау үшін Керн –Йерасек тесті алынды. Онда оқушылар « Ер адам суретін салу», «Сөздер қөшірмелері», « Нұктелер қөшірмесі» бойынша тапсырмалар орындалды.



2022-2023ж



2023-2024ж

Қорытынды: Оқушылардың мектепке оқуға көз қарасы жақсы қалыптасып келеді. Мұғаліммен оқушының арасындағы қарым-қатынас жақсы, оқушылар зейін қойып тындай біледі. Сабакқа белсене қатысып отырады. Мектепке дайындығы орта және таным процестері тәмен оқушылармен сынып жетекшілер қосымша жұмыстар жүргізіп, ата-анасымен тығыз байланысып отырды.

1-сынып ата-аналарымен баланы мектепке даярлау барысында отбасы мен мектептің бірлескен жұмыстары туралы сынып жиналысында топтық кенес жүргізілді. Бастауыш сынып оқушыларын қолдау мақсатында тренинг жаттығулары жүргізіліп отырады. Бастауыш сынып оқушыларымен үзіліс уақытында Саусақ жаттығулары, көз жаттығулары, «Көнілді үзіліс» психологиялық ойын-жаттығулар жүргізілді.

5-сынып оқушыларымен орта буынға бейімделуіне байланысты жыл бойы жұмыстар жүргізілді. «Менің сабактағы көніл күйім» суретті тест арқылы оқушылардың сабактан кейінгі көніл-күйлері қандай екені анықталды, «Менің сүйікті пәнім» пәнге деген қызығушылығын анықтау бойынша сауалнама алынды. Оқушылардың өздерінің ерекшеліктерін жағымды және жағымсыз мінез-құлық бітістерін тану «Кектүс» әдістемесі арқылы анықталды. Оқушылар арасындағы қарым-қатынасты анықтау мақсатында «Менің сыныбым» атты суретті тест алынды. Ата-аналарға, пән мұғалімдеріне орта буынға бейімделуде оқушылардың бойында болатын ерекшеліктер туралы кеңестер берілді. «Алақай, мен 5 сыныпта оқимын» тренинг-сабак жүргізілді және «Менің отбасым» атты тақырыпта сурет салды. Мақсаты-




5-сынып оқушыларына орта буында (орта мектепте) оқу жағдайына бейімделу кезеңінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Сөйлеу тілін қалыптастыру, сөздік қорын молайту, бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орнату. Оқушылар берілген тапсырманы орындалап, тренингке қатысып көніл күйлері

5-сынып оқушыларына орта буында (орта мектепте) оқу жағдайына бейімделу кезеңінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Сөйлеу тілін қалыптастыру, сөздік қорын молайту, бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орнату. Оқушылар берілген тапсырманы орындалап, тренингке қатысып көніл күйлері

көтеріңкі болды. Оқушыларға жаттығу ойындары, отбасыларына арнап салған суреттері қатты ұнады.

Жоспарға сәйкес, «Жасөспірімдердің арасындағы буллинг пен кибербуллинг



және одан қорғану жолдары» тақырыбында дәріс сабактар үйымдастырылды. Мақсаты: Білім алушылар арасында кездесетін

келеңсіздіктердің алдын – алу. Сана – сезімдеріне жат түсініктердің орын алмауын үнемі қадағалау. Жеке тұлғаның өзін – өзі жақсы көру, сыйлай білу қасиеттерін арттыру.

3 сыныптармен «Мен не білемін әдістемесі» жүргізілді.

Мақсаты: Оқушылардың логикалық ойлаудың тіл байлығын анықтау.

Сыныптар	Ортадан жоғары	Орта 7-11 үпай	Нормадан төмен
3 а	75%	25%	-
3 ә	72%	22%	3%
3 б	41%	35%	10%

Осы әдістемеден шыққан оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілді


Мектебімізде 2023жылы кәмелетке толмағандар арасында суицид (аяқталған) фактілері орын алды.

Р/С	Аты жөні	Тұған жылы	Толық жасыны	Сыныбы	Фактінің орын алған уақыты мерзімі			Жасалған тсуциидтің түрі, әдісі		Суицид жасаудың себебі	Отбасына мінездеме
					Күні	Алтанаң күні	Уақыты	Аяқталған үмтүлған	Әдісі		
1	К.А.А	14.06.2009	13	8ә	14.04	Жұма	05.29	Аяқталған	Өзін –өзі асу	Жаңуя жағдайына байланысты	Толық

Сонымен қатар оқушыларға Темперамент типін анықтау атты тест жүргізілді.

Темперамент – жүйке саласының тұма қасиеттерінен туындағытын адамның жеке дара өзгешілігі. Темпераментті анықтау тесттің кілті

Темперамент типін анықтау



Қай нұсқаның балы көп болса, сол темперамент иесінің көрсеткіші

Әр нұсқаға «1» үпай беріледі.

- A) Холерик – (Ыстыққанды)-28
- Б) Сангвиник – (Женілқанды)-59
- В) Флегматик – (Суыққанды)-84
- Г) Меланхолик –(Ауырқанды)-25


«Мектеп мотивациясы сауалнамасы» М.К Лусканова әдістемесі бойынша онлайн сауалнама және диагностикалық жұмыстар 5-сынып оқушыларына өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың оку процесіне қызығушылығын анықтау.

Scanned with ACE Scanner

Сауалнама сұрақтары

- 1.Саган мектеп ұнай ма ?
- 2.Сен мектепке қуанышпен баrasың ба,әлде үйде қалғың келе ме ?
- 3.Сен үй тапсырмасын бермегенді қалайсың ба ?
- 4.Сен сабакта үзілістің көп болғанын қалайсың ба ?
- 5.Сен атаанаңа мектеп жайында жиі айтасың ба?
- 6.Саган мұғалімнің қатал болғаны ұнай ма ?
- 7.өзіне ең жақын мұғалім?
- 8.Сенің сыныпта достарың көп пе ?
- 9.Сыныптастарың саган ұнай ма ?
- 10.Қындық болған кезде кімнен көмек сұрап едің?

Мектеп мотивациясы сауалнамасы



Сынып жетекшілерге ұсыныс берілді:

1. Пән мұғалімдері және сыныптастарымен ынтымақтастық қарым-қатынасты нығайтуға ықпал ету;
2. Ата-аналармен тығыз байланыс;
3. Оқушылардың оқуға қызығушылығын арттыру.

Сонымен қатар оқушыларға «Менің сыныбым», «Бақ-бақ» гүлі әдістемесі өткізілді.

2023ж қараша айында 8,9сыныптарға Спильберг-Ханиннің әдістемесі жүргізілді. Мақсаты: Жасөспірімдердің жағдайға байланысты және тұлғалық қобалжуының деңгейін анықтау. Көрсеткіштерді талдауда келесі бағалаулар колданылады: 30-баллға дейін төмен мазасыздану, 31-44-орташа мазасыздану, 45 немесе одан да көп жоғары мазасыздану.

Окүші саны	Сыныбы	Шәкілдер	Жоғары45және одан жоғары	Орта 31-44 үпай	Төмен 30үпайға дейін
24	9 «А»	Жағдайға байланысты қобалжу	4/16,6%	19/79%	1/4%
		Жеке аландатушылық	8/33%	16/66%	0
25	9 «Ә»	Жағдайға байланысты қобалжу	2/8%	21/84%	2/8%
		Жеке аландатушылық	11/44%	14/56%	0
22	8 «А»	Жағдайға байланысты қобалжу	1/5,2%	17/89,4%	1/5,2
		Жеке аландатушылық	3/15,7%	16/84,2%	0
22	8 «Ә»	Жағдайға байланысты қобалжу	0	16/72%	6/2,7%

		Жеке аландаштырылған	2/9%	18/81%	2/9%
21	8 «Б»	Жағдайға байланысты кобалжү	2/9,5%	18/85%	1/4,7%
		Жеке аландаштырылған	2/9,5%	19/90%	0
18	8 «В»	Жағдайға байланысты кобалжү	2/11%	16/88%	0
		Жеке аландаштырылған	5/27%	13/72%	0


Сауалнаманың нәтижесі әрбір оқушының жауабына сай 3 критерий бойынша шығарылады.

Қобалжудың жоғары және төмен деңгейін көрсетіп отырған оқушылармен сынып жетекші және психолог тараҧынан жеке сөйлесілді.

9 сынып оқушыларына «Тұлға типтерін анықтау» бойынша сауалнаманың 2жылдық нәтижелері


2022-2023жылғы

"Тұлға типтерін анықтау"



2023-2024 жылғы

"Тұлға типтерін анықтау"




9 сынып оқушыларымен «Мамандық таңтау басты қадам» атты пікірлесу тренингі өтті. Мақсаты. Мамандық таңдауда жауапкершілік қалыптастыру, оқушыларға мамандықтардың түрлері, олардың адам өміріндегі маңызы туралы



түсінік беру. Оқушыларға нарық талаптарына сай өз қалаулары бойынша мамандық таңдауға жол көрсету мақсатында түрлі тренинг, жаттығулар, мен кіммін?, Өірдегі менің орным қандай?, деген сұрақтарға оқушылар өз жауаптарымен бөлісті. Оқушыларға «Менің арман картам» тақырыбында проективті әдіс жүргізілді.


2023жылы желтоқсан айында 9 а,ә сынып оқушыларына Э.Ховардтың «Стресс саған қалай әер етеді» аты әдістемесі жүргізілді. Мақсаты: Теориялық аспектілерге токталу және стрестен арылудың жаттығуларын ұсыну.

"Стресс саған қалай әсер етеді"



8 сынып оқушыларына «Зорлық –зомбылық туралы мен не ойлаймын?» сауалнамасы жүргізілді. Мақсаты: Оқушылардың зорлық-зомбылыққа күрестің алдын алу шараларын үйідастыру. Оқушылар арасындағы зорлық-зомбылықтың анықтау. Оқушыларға 10 сұрақтан тұратын сауалнама жүргізілді. Сол сауалнаманың нақты 3 сұрағын қортындыланды

Зорлық-зомбылық сауалнамасы



Сообщение	Иә	жоқ	Эке аманнан көмек сұраймын	Өз проблемамды өзім шешүге тырысамын	мектеп	көшеде	бейтанис адамдардан
Ата-анаңның жазалауымен келісесің бе?	35	32	44	30	1	0	42
Қызын жағдайда не істейсің?							
Сенің ойынша, қай жерлерде, кімнен бала қорлық-зорлыққа тап болуы мүмкін?							

Корытынды: окушылар арасында зорлық-зомбылық, күш көрсету іс-әрекеттері төмен деңгейде. Басым бөлігі күш көрсету, басқа да зорлық-зомбылықтың түрлеріне карсы екені. Жеке бастанына күш көрсету болған жағдайда үлкендерден, әке-анасынан,, көмек сұрайтындары анықталды. Және де басқа адамдардың күш көрсету іс-әрекеттеріне қарсы екені, оғаш қылыштарға бұрын соңды кездеспегендіктері анықталды. Әлеуметтік ортада зорлық-зомбылыққа карсы екендігі. Мектепте және қоғамдық орындарда құқық бұзушылық іс-әрекетін кездестірмегендігі анықталды. Отбасынан немесе басқа адамнан көмек сұрауды біледі. Барынша өздерінің шынайы жауаптарын берे білді.

Сынып жетекшіге ұсыным: зорлық -зомбылық болғанын , буллинг жасалған сэтте міндетті түрде ата-анасына немесе мектепте сынып жетекшісіне айтуды ұсынылды.

Кеңес: буллинг болмас үшін , окушы өзін қауіпсіз ортада өмір сүруге, танымайтын кісімен телефон арқылы сөйлеспеуге кеңестер берілді. Сонымен қатар «Әрбір жан өз бақыттың шебері» тақырыбында мектебіміздің жас мамандарымен психологиялық тренинг отті.



«Инклузивті білім берудің мүмкіндіктері» тақырыбында мұғалімдермен

коучинг өткізілді. Барысында мұғалімдер ерекше білімді қажет ететін окушылармен жұмыста кездесетін кемшіліктер мен киындықтар туралы пікір алmasып, көнілді тренинг өткізілді.

Карааша, сәуір айларында Жасөспірімдердің ішкі ресурстарын оятуға, агрессиядан қалай құтылу жолдарын үйреноңде және өмірлік қызындықтарды жөнуге бағыттауға арналған «Ал сен агрессиянды қалай жеңесін?» «Өмір сүру» тақырыптарында Аутодеструктивті мінез-кулықтың алдын-алу бағытында «Пікірталас жаңжал емем», «Ашу ыза билегендеге не істеу керек?», «Күйзелістен қалай арылуға болады» атты тақырыпта психокоррекциялық сабактар өткізілді.

2023жылы Мектеп бітірушілердің мамандық таңдауы 9-11 сынып оқушыларының мамандыққа бейімділігін зерттеу нәтижелерін зерделеу. Мамандық-бұл әрбір адамның сүйіп,әрі қуана жасайтын ісі,оның ертенгі болашағы. Мамандық таңдау үлкен жауапкершілікті талап етеді. Мамандық таңдау жасөспірім шақтағы ең маңызды шешімдердің бірі. Үлкен өмірге енді ғана аяқ басқан жас ұланның алдында мыңдаған мамандықтан өзіне лайықты біреуін ғана таңдау міндетті тұрады. 9-11 сынып оқушыларында болашақта қандай маман иесі болғым келеді,қай мамандықты таңдасам болады? Осы бір сұрақ өмірге келіп,сана-сезім жетілген әрбір адамды толғандырады.Кей оқушыларымыз ата-анасының айтқанымен ғана өзіне ұнамайтын мамандықты таңдауға мәжбүр болады.



Жоспар бойынша оқушыларымызға әртүрлі мамандық таңдауға байланысты сауалнамалар жүргізіліп, анықтама жасақталып, қорытындыланып отырды.Атап

айтсақ, «Глав Спаров».Е.Калимовтың әдістемесіне сүйене отырып, қандай мамандық саласына назар аудару керектігі «Мамандық таңдауға арналған»тест жүргізілді. Тестің мақсаты:баланың тұлғалық ерекшелігің анықтауға және қай кәсіп саласына қызығушылығың анықтауға,қай салага қызығушылығы басым екенін көрсетеді.

Сонымен қатар биыл келген жас мамандарға «Жарқын болашақ иесі-бүгінгі жас маман» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. Мақсаты: Жас мамандарға көмек көрсету, ұжымда психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру және де мотивациясын арттыру .



9 сынып оқушыларына «Мамандық әлемінде», «Тұлға типтерін анықтау», «Кәсіби бағдар», «Мамандық өмір таңдауы», «Мамандықты дұрыс таңдау-табысты өмірдің кілті», байланысты сауалнама, донғелек үстелдер, психологиялық тренингтер жүргізілді. Мақсаты: Оқушылардың танымдық қызығушылықтарын зерттеу,кәсіби –бағдар беру жұмысын жүргізу. «Менің болашақ мамандығым»-оқушылардың болашақ мамандық таңдауға деген қарым-қатынасына талдау жасау, Нәтижесінде XXI ғасыр-технология ғасыры,оның ішінде ақпарат сипатты тым басым. Қазіргі уақытта біздің өмірімізді ақпаратсыз және байланыс құралдарының елестету мүмкін емес. Жаңа заман

талаптары барлық акпараттардан үздіксіз және жедел түрде хабардар болып отыруды міндеттейді. Адамдардың арқасында, ешқандай ұғымга сыймайтын идеялардың өмір шындығына айналуы мүмкін. Соган байланысты да бітіруші түлектерімізден 11 «а», «ә» сыныптарында кезекші сынныңта қатысқан оқушылар саны - 11 «а» сыныбында-14, ал 11 «ә» сыныбында 13 оқушыдан көбісі информатика, физика және математика, дүние жүзі тарихы, биология бағыттарын таңдаған отыр. Қыз балалар-педагогика, медицина, дефектология, биология саласына токталып отыр.

11 «А/Ә» сынып оқушыларына Үлттық бірыңгай тестілеуге психологиялық дайындық мақсатында «ҰБТ-га дайындығын қалай?», «Мектеп бітіруші сені не алаңдатады?», «ҰБТ-ге қалай барамыз», «ҰБТ-га дайындық», тақырыбында психологиялық сауалнамалар жүргізілді. Психологиялық сауалнама тексеріліп қорытындыланды, сонымен қатар «Сенімділік күш береді», «Сен ҰБТ-да женіске жетесін» атты тренингтер откізіліп, Үлттық бірыңгай тестілеуге дайындық кезеңінде сенімділігін, мінез-құлық, эмоциялық, ерік сферасын қалыптастыру мақсатында жүргізілді.



Сонымен қатар 11 «Ә»сыныбымен «ҰБТ-га дайындау барысындагы психологиялық жаттыгулардың тиімділігі» атты психологиялық қолдау тренинг жаттыгулармен ойындар откізілді. Мақсаты: Оқушылардың бойындағы корқыныш, өзіне деген сенімсіздік, эмоционалды күйзелісті, қобалжуды және агрессияны төмендетуге арналған сияқты жағымсыз әрекеттерден арылтып, жағымды позитивті орта қалыптастыру.

11 «А» сыныбында «Бәрінің бастауы маҳаббат» атты психологиялық тренинг откізілді. Тренинг мақсаты: Оқушылардың сүйіспеншілік, маҳаббат туралы түсініктерін кеңейту



20 мамыр күні ұжымымыз таза ауада, табигат аясында, кәсіби қолдау кедергіден өту, бірліктің арқасында «Біз біргеміз» тақырыбында тембілдінг үйымдастырылды. Мақсаты: педагогтар арасында қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл күйден арылу, позитивті көңіл күй сыйлау.



Қорыта келе жүргізілген психолог жұмысы жоспарға сай жүзеге асырылды. Жүргізілген жұмыстар уақытында қорытындыланып, желіге шығып отырылды. Психологиялық тренингтер әдістемелер, диагностикалар іс-шаралар өз деңгейінде өтті.

2024жылы Араулы сынып оқушыларымен «Менің көңіл - күйім» тренинг жаттыгуы өткізілді. Максаты: оқушылардың психоэмоционалдық жағдайларын жақсарту, бір - бірімен жақсы қарым - қатынас орнату. Шығармашылық қабілетті әрі қарай дамыту. Релаксация арқылы жағымсыз ойлардан арылу.



10 сынып оқушыларға «Мен және менің достарым» атты сауалнама жүргізілді.

9-11-сынып оқушыларына «Мамандықты қалай таңдасам еken?», «Бұл жөнінде не білуім керек?», «Сенімділік күш береді» тақырыбымен кәсіптік бағыт-бағдар беру максатында кеңес берілді, пікірлесу сағаты өткізілді, бейнеролик ұсынылды. Максаты: оқушылардың өмір, мамандық туралы көзқарасын дамытуды, алдағы уақытта мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу, таңдаған мамандығының өз бейімділігімен қабілеттіне сәйкес келуін нақтылау. Сыныптарда «Мамандық таңдау маңызды іс», «Мамандық таңдау басты қадам» тақырыптарында тренинг өткізілді

9 «ә» сынып оқушыларына «Мамандық таңдау маңызды іс» тақырыбында оқушылармен түрлі мамандықтар туралы пікірлесу үйымдастырылды. Әлі шешімін қабылдай алмай күмәнданып жүрген және бағдарын таңдай алмай жүрген оқушыларға өз өміріне балта шаппастай етіп мамандық таңдау жолында қателеспей дұрыс шешім табуына түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сұрақ-жауап арқылы оқушылардың қызығушылығын тудырған мамандық белгіленді. Оқушылар бір біріне сұрақ қою арқылы тағы шешім табуға болатынын анықталды. Сонымен қатар оқушыларға арман картасы жүргізілді. Өз болашағың өз қолында!- дей келе өз болашағын анықтауға сүйсінетін ережелермен таныстырылды.



Оқушыларды ҰБТ -ға психологиялық даярлау жұмыстары
ҰБТ- ға оқушыларды психологиялық түрғыда дайындау кезендері
төмендегідей:

- 1.Оку танымдық қабілеттерін түзете дамыту;
- 2.Шығармашылық –танымдық қабілеттерін дамыту;
- 3.Сенімділігін бойларына қондыру;
- 4.Психикалық күштерден(стресс пен корқыныш) арылту

Мектеп бітіруші түлектерді түзету-дамыту жұмысының жоспары жасақталып, бекітілді. Мақсаты: Емтихан алдында мектеп бітірушілердің психологиялық дайындық дағдыларын қалыптасстыру, емтихан кезіндегі өзіне сенімділіктерін жоғарлату. Жүргізу әдістері: Диагностикалау, бақылау, әнгімелесу, қысқа лекциялар, тренингтік жаттығулар, жеке және топтық кеңес беру, жаднамалар тарату. «ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?», «Өз жұлдызынды тап», «Ойлар. Сезімдер, Мінез-құлық», «Мамандық -өмір таңдауы», «Күйзелістен қалай құтылуға болады?», «Емтихан кезіндегі стресстен қалай арыламыз?», «Мен өмірді тандаймын?», «Емтихандағы өз-өзіне сенімділік» тақырыбында пікірталас, тренингтер, «Мектеп бітіруші сені не алаңдаты?» сауалнамасы өткізілді. 11сыныптың оқушылары арасында оқушының оқу пәндеріне деген қарым-қатынасы мен қызығушылығы зерттеуге арналған сауалнама және әнгіме кеңес берілді. 11сынып оқушылары мен ата-аналарына



ҰБТ-ға байланысты жиналыста мектеп психологтары «Балам менің баға жетпес

байлығым» тақырыбында тренинг өткізілді.


Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар. Мақсаты: көңіл – күйлеріңізді жақсарту, бірігіп жұмыс істеу жүйесін дамыту, ой қозғату, әдістемелік көмектер беру. «Бала тәрбиесі – баршаға ортақ» ата-аналар жиналысы, «Мен үшін әке болу...» Мақсаты: Жанұядағы әке мен бала арасындағы қарым - қатынасты нығайту, ұлттық салт - дәстүрімізге байланысты әке орынының ерекше екенін үғындыру, әкеге деген бала махаббатын ояту. «Адам өмірі отбасынан басталады» пікірталас, тренингтер жүргізілді.

2023-2024жылы Әр сыныптарда өтілген ата-аналар жиналысына, жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысына қатысып, «Баланың бас ұстазы –ата-анасы», «Ата-ана, балаңызben байланысыңыз қалай?» тақырыптарында баяндама оқылып, кеңестер берілді. Ата-аналарға жасөспірім шақта суициалдық мінез-құлық өзгешеліктері туралы айтылды.



Әр сыныптарда өтілген ата-аналар жиналысына, жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысына қатысып, «Тұлғаның қалыптасуында ата-ананың рөлі» тақырыптарында баяндама оқылып, кеңестер берілді. 1-5 сынып ата-аналары арасында баланың мектеппік бейімделіне ықпал ету аясындағы тақырыптарда баяндамалар оқылып, әнгімелер жүргізілді. 9 сынып ата-аналарымен баланың келешек мамандығын дұрыс таңдауына ықпал етіп, көмек көрсету туралы айтылды. Ата – аналар жиналысында «Сіз қандай ата - анасыз?», «Мен қандай ата-анамын?» атты сауалнамалар «Үстаз бен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты анықтау», «Ата-ана махаббаты» тренингтері үйімдастырылды.


5 ші сынып оқушыларына «Зейінді дамытатын ойын жаттығулары» атты



тренинг өткізілді. Барысы: Оқушылардың қызығушылығын, қарым-қатынас деңгейін, жаңа ортаға бейімделуін, ішкі энергиясын, лидерлік қабілетін анықтауды қамтамасыз етеді және де оқушы туралы жалпы мағлұмат алуға мүмкіндік тудырады.

«Жасөспірімдердің психологиялық дамуындағы қыындықтарға көңіл бөлү», оқушыларға күйзеліс кезіндегі психологиялық көмек туралы кеңес берілді.

8-11 сынып оқушыларына Люшер әдістемесі өткізілді. Мақсаты: Люшердің түстер тесті тұлғаның ситуативтік жағдайы мен реакциясын ғана емес, нақты индивидтің нақты жағдайдағы тұлғалық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.



9-11сынып ата-аналарына «Бала өмірінің қауіпсіздігіндегі ата-ананың ролі»



атты тренинг, пікірталас өткізілді. Шараға мектеп директоры Султанова Алтын Амангелдыевна, қалалық білім бөлімінің әдіскері Тукенова Шынар Кадимовна, Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығының сицидолог маманы Ақбота Сейіт Асылханқызы, мектеп психологтары мен мектеп әкімшілігі қатысты. Мақсаты: Ата-аналарға бала тәрбиесі жөнінде, әрі отбасында жақсы тәрбие берілуіне ықпал ету, өз баласын жақсы тану, көмек жәнекенес беру, ата-аналардың педагогикалық-психологиялық білімін көтеру, басты байлығы-баласы екеніне кеңес беру.

9-10-11сынып оқушылар қыздарына ШЖҚ КМК №7 Атырау қалалық емхана әкімшілігі «Сенім» жастар орталығы мен «Атырау қалалық Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің үйымдастыруымен бірлескен «Қыз тәрбиесі-ұлт болашағы» тақырыбында семинар –тренинг өтті. Мақсаты: Қыз бала тәрбиесінің ерекшелігі, жасөспірім қыздарға рухани тәрбие беру, қыз баланың қоғамдағы

орның айрықшы түсіндіру, эстетикалық тәрбие беру, жеке бас гигиенасын сактау, әдепсіздік жолға түспеуді тәрбиелеу. Шараға 65 қыз бала, сынып жетекшілері және ата-аналар қатысты. Аталмыш шара қатысушы қыздарымыз үшін тәрбиелі және мағыналы шара болды. Шара барысындағы медбикенің және психологтың берген көңестерінен жан-жақты мағлұматтар жинақтай отрып көкейлерінде жүрген сұраптарына жауап алды, аналарына жүрекжарды тілектерін білдірді. Атырау облысы әкімінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық демографикалық саясат жөніндегі комиссия мүшесі Дюсекенова Злиха Қадыrbайқызы қыздарымызға адамгершілік, адалдық тақырыбындағы әңгімесін айта отырып, мектебіміздің қыздарын, мектеп психологтарын, үйымдастырушыларды қыз балалар тәрбиелеуде берегіп жұмыс жасауға шақырды. Шара соңында К.Дүтбаева атындағы колледж студенттерінің әсерлі өнерін тамашалады.



Бастауыш сынып оқушыларының МОДО-ға байланысты оку дайындығын диагностикалау мақсатында тренинг жүргізілді.



«Үрей деңгейін анықтау әдістемесі» Тейлор шкаласы атты саулнама 6 «А», 6 «Ә», 6 «Б», 7 «А», 7 «Ә», 7 «Б», 7 «В» сынып оқушыларына жүргілді. Барысы: Оқушы 47 берілген сұраққа ия, жоқ деп белгілейді. Максаты: Оқушының бойындағы мазасыздық, қобалжу, шаршау, өзіне деген сенімсіздік байқау.

Нәтижесінде төмендегідей көрсеткіш көрсетіп түр:

p/c	Сынып	Оқушы саны	Үрей деңгейі жоғары	Үрей деңгейі орташа	Үрей деңгейі тәмен
1	7 «А»	16	6 37,5%	8 50%	2 12,5%
2	7 «Ә»	19	4 21%	15 78%	0 0%
3	7 «Б»	20	7 35%	10 50%	1 5%
4	7 «В»	19	5 26%	11 57,8%	2 10,5%

Нәтижесінде тәмендегідей көрсеткіш көрсетілді:

p/c	Сынып	Оқушы саны	Үрей деңгейі жоғары	Үрей деңгейі орташа	Үрей деңгейі төмен
1	6 «А»	19	5 26,3%	12 63%	2 10,5%
2	6 «Ә»	17	6 35,2%	11 64,7%	0 0
3	6 «Б»	21	4 13,6%	17 68%	0 0

Зынып оқушыларымен оқушылардың танымдық деңгейін диагностикалау



мақсатында «Сөйлемді аяқта», «Төртіншісі артық» атты тақырыпта логикалық тапсырмалар өткізілді. Мақсаты ойлау қабілетін есте сактауын дамыту. Нәтижесінде: Бұл тапсырмалар мазмұнын терендетіп менгертуді көздейді. Оқушылардың білімін беріктігін қамтамасыз ету үшін, баланың шығармашылық қабілетін дамыта түсу үшін, оқушының дарындылығын тану үшін логикалық тапсырмаларға баса назар аударылды. Берілген тапсырмаларды орындауда оқушылар өз беттерімен ізденді, оқушының ой өрісін кеңейтті, есте сактауын дамытты, байқағыштығын қалыптастырыды, қабілеті шынадады. Оқушының өзіндік пікір айтып оны қорғай білуіне мүмкіндік жасады. Теориялық білімдерін кеңейтті, логиканың дамуы өздігінен ізденіп жұмыс жасауына мүмкіндік берді. Логикалық тапсырмалар оқушының интеллектуалдық деңгейін көтерді. Осы тапсырманы орындаған кезде оқушылар өз білімдерін көрсетті.



Сонымен қатар 9-11 сынып оқушыларына «Мектеп-оқушы көзімен» атты сауалнама жүргізілді. Бұндағы мақсаты оқушы өзінің сенімді, сүйікімді, білімді ұстаздарын белгілісіді. Нәтижесінде осы аттака не болған ұстаздар марапатталды.

11 «Ә»сынып оқушылармен «ҰБТ-ға бірге барайық» атты тақырыпта психологиялық тренинг өткізілді. Оқушыларға алдағы ҰБТ дан қорқынышсыз, үрейсіз, теріс эмоцияға бой алдырмауға кеңестер айттылды. Тренинг барысында оқушылар өз ойларымен бөлісіп, пікірталас жүргізілді. «Адам терапиясы» жаттығуында оқушылар алға қойған мақсаттарын еркін жеткізе білді. Сонымен қатар өткізілген шарамызды қорытындылай оқушыларға тәттілер таратылып, кеңестер айттылды.



«Қобалжу мен үрейді женуге қалай көмектесеміз?» атты тақырыпта оқушыларға, ата-аналарға психологиялық топитық кеңес берілді. МОДОға, ҮБТ-га байланысты түрлі тренингтер, ойындар жүгізілді. Тренинг мақсаты: оқушыларға қорқыныш сезімі туралы мағлұмат бере отырып, түрлі жаттығулар арқылы бойындағы қорқыныш сезімдерін жою; өзара қарым-қатынастарын нығайту. Қорқыныш – кательлі жағдаяттарда туындастын қауіп, қолайсыз эмоция. Қорқыныш – бір нәрседен жүрексініп сескенгенде, шошығанда пайда болатын сезім, қауіп-қатер, үрей.

Күтілетін нәтиже: Оқупылардың бойында қобалжу деңгейі төмендейді, сенімді мінез- құлық дағдылары дамиды. Жетістікке ұмтылу қабілеттері қалыптасады. Өз-өзіне деген сенімділігі артады. Жағымды психологиялық ахуал орнап, көніл-күйлері көтеріледі.

Сонымен катар оқушылар бір топ нейрогимнастика жаттығуларын орындаады. Нейрогимнастика зияткерлік және ақыл-ой мүмкіндіктерін дамытуға көптеген жолдармен ықпал етеді. Миды белсендіру арқылы есте сактау, зейін, қабылдау, сөйлеу, моторика, ойлау, шығармашылық, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі бағалау, мотивация және жалпы соматикалық денсаулық жақсарады.

Осылайша, мектептің психологиялық қызметі оқушылардың әлеуметтік-психологиялық және тұлғалық дамуына, психологиялық денсаулығын сактауға және оқу-тәрбие үдерісінің барлық қатысушыларына психологиялық колдау көрсетуге барынша көмек көрсетеді

Соңында SWOT пен талдау жасалды.

SWOT талдау

<p>Күшті жақтар</p> <p>Буллинг, кибербуллинг, зорлық-зомбылық тақырыбында профилактикалық жұмыстар барлық сыйыптар қамтылды</p> <p>Облыстық семинарга қатысылды</p> <p>Диагностикалық жұмыстар жоспар бойынша жүргізді</p> <p>Люшер тест өткізіп, оқушылармен жеке жұмыс жүргізді.</p> <p>Коррекциялық сабактар толықтай жүргізді</p> <p>Ата –аналарға, оқушыларға, сыйып жетекшілерге психологиялық кеңестер берілді</p> <p>Тренинг барысында өз ойларын ашық айтуда (оқушылар)</p>	<p>Әлсіз жақтары</p> <p>Диагностика жүргізу барысында оқушылардың сабакта толық болмауы</p> <p>Ата-аналардың оқушыларға көп көніл бөлмеуі</p> <p>Ата-аналардың түсініспеушілік танытпауы</p>	<p>Мүмкіндіктер</p> <p>Ата –аналармен байланыс</p> <p>Ата – ананың, сыйып жетекшінің оқушыларды қолдау</p> <p>Буллинг, кибербуллинг бойынша алдын алу жұмыстары;</p> <p>Өзіндік білімін жетілдіру деңгейін жогарлату ;</p> <p>Өз тәжірибесін басылымдарға жариялау</p> <p>Ата аналар барынша қолдаса</p>	<p>Қауіп- қатер</p> <p>Көптеген қауіпті сайттардың қол жетімділігі (өз өзіне қол жұмсау)</p> <p>Оқушының смартфон компьютерге тәуелділігі.</p> <p>Оқушы мен мұғалімдердің қарым-қатынасы (сауалнама нәтижесінде)</p> <p>Өгей ата-ананың балаға көніл аударуы(115баппен тізімде тіркелген)</p> <p>Жалпы отбасы құндылықтарының әлсіздігі және бала тәрбиесінде жас ата-аналар жауапкершілігінің төмендігі</p> <p>2-3 рет отбасы құрган заңсыз некеде тұратын ата-аналар</p>
---	---	---	---

Мектеп психологияның іс-шара жоспары бойынша жүргізілген жұмыстардың сілтемелері

<https://www.facebook.com/share/v/rbMc5Gyqwv7LAPXw/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/v/z6LFBMHTEerHXQ2/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/v/uygdZiFfYv7jL2F9/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/v/AQAQ61sJ6DtZ1veG/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/v/MGFirCHfnM7u3Qpi/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/v/X9ebGr1itY3F2VyR/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/pn27ubTRhVw7L4Nd/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/ESSQD1JCvh1dezpH/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/pGMehGXnSFCa32vm/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/EBN4nBGDhxHkPSeA/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/4vFD06xmBViu6tBz/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/EHq66N82wxmkKu2o/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/v/X9ebGr1itY3F2VyR/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/pn27ubTRhVw7L4Nd/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/ESSQD1JCvh1dezpH/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/EBN4nBGDhxHkPSeA/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/4vFD06xmBViu6tBz/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/EHq66N82wxmkKu2o/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/zoZRj2qk78ebmF3E/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/bCV41ZaHbiyC8UpD/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/pE7nuaeMCHrnc3S8/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/VoTnzedVmfr5Pvh2/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/v/RF2xW4goXx8xrHPg/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/KypcF6KcQpgsM3p2/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/ase4f6uUfReJNyho/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/CUNGknMcJ7Aw2gAL/?mibextid=qi2Omgh>
<https://www.facebook.com/share/v/5fPSYweA66zWXFwj/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/Qk3GWpnyras4QBKM/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/v/xcYBqYDZ2AUrWxbv/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/p/cdb9ERe11JKftJq5/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/v/AJkzwQCSmvdQFrLn/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/v/yNi5mKUyhGMwBzGN/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/v/QRr8u5Cf4r37iF4X/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/v/YSK6nSLvyzhd8Nmf/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/v/ZXNiYpmQrxNSN1Q8/?mibextid=qi2Omg>
<https://www.facebook.com/share/v/fkzfdjgeeXRcBTSe/?mibextid=qi2Omg>